

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРДЫ



12 қыркүйекте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркияға ресми сапармен барды.

Салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін Қазақстан мен Түркия президенттері арасында келіссөз өтті. Кездесуде мемлекет басшылары екі жақты ынтымақтастықтың және сауда-экономикалық қатынастарды нығайтудың өзекті мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев пен Режеп Тайип Ердоған халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі маңызды мәселелер жөнінде пікір алмасты.

13 қыркүйекте Қазақстан Президенті ірі бизнес өкілдерімен – сауда айналымы елдегі жалпы ішкі өнімнің 15 пайызын құрап отырған түркиялық 25 компанияның жетекшілерімен кездесті. Бұл компаниялар экономиканың ірі секторларында, атап айтқанда ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнеркәсібінде, геология мен тау-кен өнеркәсібінде, химия, машина жасау, текстиль мен жеңіл өнеркәсіпте, мемлекет-жекеменшік серіктестігінде, денсаулық сақтау мен фармацевтика салаларында жұмыс істейді.

«Өздеріңізге мәлім, Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар өзара достыққа, бауырластық пен сенімге негізделген. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Түркиямен өте тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Біз

Түркияның осы жылдар ішінде Қазақстанды қолдағанын және әлі де қолдап келе жатқанын ұмытпаймыз. Сауда айналымы жөнінен Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктестерінің алғашқы ондығына кіреді»-деді Нұрсұлтан Назарбаев түрік бизнесмендеріне қарата.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы тауар айналымы 2017 жылы 27 пайызға өсіп, 2 миллиард АҚШ долларына жуықтағанын айтты. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында тауар айналымының көлемі 820 миллион долларды құраған. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне қарағанда Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Түркия бұл елге 3 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция салған, Қазақстан болса Түркияға 940 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйыпты.

Қазақстан Президенті 2012 жылдан бері екі ел кәсіпкерлерін қолдауға бағытталған «Жаңа синергия» бағдарламасының жүзеге асырылу нәтижелері жөнінде айтты. Сонымен қатар, Н.Назарбаев Әли Коч («Коч холдинг»), Роберт Йюксель Йылдырым («Йылдырым холдинг») және Сүлейман Ердем («Ояк холдинг») қатарлы ірі өнеркәсіпшілерді жеке қабылдады.

Сондай-ақ, Н.Назарбаевтың ресми сапарының алғашқы күнінде Анкарада қазақ-түрік бизнес-форумы өтіп, жиын нәтижесінде жалпы сомасы 1,5 млрд долларды құрайтын 22 келісімшартқа қол қойылды.

Форум барысында екі жақтың іскер топтары электроэнергетика, химия өнеркәсібі және тау-кен металлургия кешенінде ынтымақтасу жөнінде келісімге келді. Атап айтқанда, форум кезінде Қазақстанда кальцинирленген сода шығаратын зауыт салу туралы келісім жасалды. Аталған жобаның құны 270 млн долларды құрап отыр. Сондай-ақ, тараптар Қазақстанда қатты пайдалы қазбалар өндіру бағытында бірлескен кәсіпорын құруға уағдаласты. Осыған байланысты Түркияның энергетика министрі Фатих Дөнмез Назарбаевтың визитінен кейін екі мемелкеттің ынтымақтастығы жаңа сатыға көтерілетінін мәлімдеді. Министрдің сөзіне қарағанда екі елдің арасындағы тауар айналымы өткен жылы 2,4 млрд АҚШ долларын құраған. Ол өз сөзінде бұл көлемнің жақын жылдары 5 млрд долларға жететіндігіне сенім білдірді. Қазақстан мен Түркия басшылары өзара тауар айналымы көлемін 10 млрд долларға жеткізу мақсатын қойған болатын.

Ф.Дөнмез алға тартқан деректерге сенсек, Қазақстандағы түрік инвестициясының көлемі 3,2 млрд долларға жеткен. Түрік инвесторлары көбіне телекоммуникация, банк секторы, құрылыс пен энергетика салаларында жұмыс істейді.

Н.Назарбаевтың бауырлас Түркияға ресми сапары бағдарламасындағы тағы бір маңызды оқиға - президенттің Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысына қатысуы болды. Кеңес соңында Қазақстан Президенті Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің осы жолғы отырысы екіжақты ынтымақтастыққа қосымша импульс беретіндігін атап өтті.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Түркия Республикасының

Президенті Режеп Ердоғанға ризашылық білдіріп, өткен президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың стратегиялық сипатын атап өтті.

«Ортақ тарих пен рухани құндылықтарға негізделген қарым-қарынастарымыз қарқынды дамып, барлық бағыттар бойынша нығая түсуде», – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті екі елдің саяси диалог пен бауырлас халықтардың достығын әрі қарай нығайтып, тереңдете түсуге мүдделі екенін айтты.

«Қазір елімізде түрік капиталының қатысуымен құрылған 1800-ден астам кәсіпорын бар. Тауар айналымының көлемі өткен жылы шамамен 2 миллиард доллар болды. Бұл көрсеткішті болашақта 5 миллиард долларға жеткіземіз деп келістік», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Жалпы, сапарым барысында құны 2 миллиард долларға жуық коммерциялық жобаларға қатысты келісімдерге қол қойылды. Алдағы уақытта бүгінгі қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін күш жұмылдыруымыз қажет», - деді Қазақстан басшысы.

Қазақстан Президенті түрік инвесторларын Ақтау және Құрық порттары негізінде жұмыс істеп жатқан көлік-логистика хабын дамытуға белсенді атсалысуға шақырды.

Өз кезегінде Р.Ердоған Қазақстан Президентіне ресми сапары үшін ризашылық білдіріп, өткен кездесулердің нәтижесін жоғары бағалады. Түркия Республикасының Президенті сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелеріне қатысты келіссөздердің маңызды нәтижелеріне тоқталып, оның оң қарқынын атап өтті.

Жалпы алғанда Астана мен Анкара екі елдің халықаралық және аймақтық мәселелері, сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық мәселелері бойынша позицияларының да принципті түрде ұқсас екенін байқатты.

Естеріңізге сала кетейік, Н.Назарбаевтың Түркияға ресми сапары жақында Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өткен Түркі кеңесінің VI саммитінен соң іле-шала жасалды. Бұл өз кезегінде бауырлас халықтар мен елдердің арасындағы байланыстардың нығайып келе жатқанының айқын дәлелі.

БЕЛАРУСЬ ПРЕЗИДЕНТІ ӨЗБЕКСТАНҒА РЕСМИ САПАР ЖАСАДЫ



Қыркүйектің 12-14 аралығында Беларусия Президенті Александр Лукашенко Өзбекстанда ресми сапармен болды. Сапар барысында А.Лукашенко Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер өткізіп, сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне назар аударды.

Сонымен қатар, тараптар өнеркәсіптік кооперация мен Өзбекстан Республикасында беларустық техникаларды құрастыратын кәсіпорын ашу мәселесін қарастырды. Әрі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, гуманитарлық саланың түрлі аспектілері, туризм мәселелері бойынша да өзара пікір алмасты. Өзбекстан және Беларус Президенттерінің кеңейтілген құрамдағы келіссөздері Көксарай резиденциясында өтті. Келіссөз барысында сауда-экономикалық, инвестиция, көлік-коммуникация, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың перспективалары турасында пікір алмасылды. Президенттер екі жақты қарым-қатынастарыңд кеңеюіне мүдделі

екендіктерін, ол үшін қажет саналатын зияткерлік, технологиялық және еңбек ресурстарының жеткілікті екендігіне тоқталды. Сонымен бірге, ең басты қажеттілік- екіжақты ұмтылыстардың бар екенін атап өтті.

Келіссөздер кезінде Премьер-министрлердің орынбасарлары, аймақ басшылары ынтымақтастыққа қажет перспективалық жобаларды ұсынды. Өзбекстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастық бойынша құрылған үкіметаралық комиссияның алдында тауар айналымының жоғары қарқынын қамтамасыз етіп, оның көлемін 1 млрд долларға дейін жеткізу міндеті қойылды. Аймақаралық байланыстар орнату турасында келісімдер жасалды, атап айтқанда машина жасау, текстиль, тамақ өнеркәсібі, мал шаруашылығы, көкөніс өңдеу, фармацевтика, құрылыс материалдарын шығару сияқты бірқатар салаларда кооперацияны дамыту жайында уағдаластыққа қол жеткізілді. Бірлескен кәсіпорындар құрып, олардың өнімдерін үшінші елдерге шығару мәселесі де айтылды.

Сондай-ақ, Өзбекстанда атом электр стансасын салу жобасын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық орнату мәселесі де қарастырылды. Тараптар денсаулық сақтау, ғылым мен технология, жоғары білім, мәдениет салаларында ынтымақтастықты дамыту туралы келісті, сонымен қатар екі елдің ғылым академияларының байланысын ынғайту да назарда ұсталды.

Жалпы, Ш.Мирзиеев пен А.Лукашенконың кездесулері, олардың белсенділіктерінің нәтижесінде өзбек-беларус қатынастарының барлық бағыттар бойынша қарын ала бастағаны байқалады.

Парламентаралық ынтымақтастық нығая түсті. Өзбекстан Республикасы Сенаты Олий Мәжілісінің делегациясы Беларусь Республикасында болды. Биыл тамыз айында Ташкентте Өзбекстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастық бойынша құрылған үкіметаралық комиссияның отырысы өтті. Машина жасау, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм және басқа да салаларда бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Іскер адамдар тобы мен іргелі кәсіпорындар арасындағы байланыс нығайып келеді. Соңғы екі айда Өзбекстанның барлық аймақтарының өкілдері Бералусте болып, әріптестік байланыстар орнатты. Өзбекстан мен Беларустың әрмен қарайғы қарым-қатынастарына оптимистік көзқарас басым.

ТҮРКІ КЕҢЕСІНДЕГІ РЕСМИ КЕЗДЕСУЛЕР



Түркі кеңесінің Бас хатшысы қызметіне кіріскен Төтенше және өкілетті елші Бағдад Әміреев 12 қыркүйекте Түркияның Сыртқы істер министрі Мевлут Чавушоғлумен кездесті.

Кездесу барысында Б.Әміреев құрылған күннен бері Түркі кеңесінің атқарған қызметі мен қол жеткізген табыстары туралы М. Чавушоғлуна айтып беріп, бірқатар операциялық және логистикалық сипаты бар мәселелерге айырықша тоқталды. Сондай-ақ, ол Түркі кеңесінің жұмыс бағдарламасына кіретін, оның құрылымдарын реформалауға байланысты құжаттарды әзірлеу мәселесіне тоқталды. Әрі Мевлут Чавушоғлуна Түркі кеңесінің қызметіне қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Өз кезегінде М. Чавушоғлу Бағдад Әміреевті жаңа қызметке кірісуімен құттықтап, жұмысынан табыс тіледі. Сонымен бірге, М.Чавушоғлу өзі басқаратын ведомствоның Түркі кеңесінің стратегиялық маңызына айырықша мән беретінін айтып, Түркия Сыртқы істер министрлігінің Түркі кеңесіне жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастыра беретіндігін айтты. Кездесуде Бағдад Әміреевпен бірге Бас хатшының орынбасары Өмер Қожаман және жоба директоры Асанг Мәжитов болды.

ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ СЫРТҚЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ АРТТЫ



13 қыркүйекте Қырғыз Республикасы Ұлттық статистика комитетінің баспасөз қызметі масс-медиаға 2018 жылдың қаңтар-шілде айларында Қырғызстанның сыртқы тауар айналымының өсіп, 2017 жылғы осы кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 14 пайызға ұлғайғанын, сөйтіп жалпы көлемі 3,8 млрд АҚШ доллары болғанын хабарлады.

Хабарламаға қарағанда елдің экспорттық операциялары 1,6%-ға төмендеп, импорттық түсімдер 20%-ға артқан. Экспорт көлемінің азаюы сыртқа алтын шығару көлемінің 22,2%-ға, бағалы металдар концентранттары рудасын шығару көлемінің 7,5%-ға төмендеуіне байланысты болып отыр. Сәйкесінше, электр энергиясын алу 16,9 %-ға, текстиль мен текстиль өнімдерінің импорты 2,2 есе, мақта өнімдері 2,2 есе, кептірілген бұршақ өнімдері 33,3%-ға артқан.

Республиканың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен өзара сауда айналымы биыл 1,3 млрд АҚШ долларын құраған, бұл былтырғы қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда 0,3%-ға көп. Тауарлар импорты 2,8%-ға төмендесе, экспорт көлемі өсіп, былтырғыға қарағанда 10,4%-ға артқан. Елдің Еуразиялық эконмикалық одақтағы басты әріптесі - Ресей. Аталған елдің үлесі ЕуразЭО-дағы жалпы тауар айналымның 66,2%-ын құрайды. Одан кейінгі орында Қазақстан тұр. Оның үлесі 32,1%.

Қырғызстанның Қытаймен арадағы тауар айналымының көлемі осы мерзім ішінде 1,23 млрд долларды құраған. Қытайдан келетін импорт көлемі 1,19 млрд АҚШ долларын құраса, экспорт көлемі 36 млн доллар.

ТҮРКІМЕНСТАНДА «АМУЛЬ-ХАЗАР 2018» АВТОРАЛЛИІ БАСТАЛДЫ



11 қыркүйекте Түркіменстанның Түркменабат қаласында «Амуль-Хазар 2018» автораллиі басталды. Жарысқа әлемнің 21 елінен 83 экипаж, 150 ден астам спортшы қатысып жатыр. Раллиді Түркіменстан Президенті Ғұрбанғұлы Бердімұхамедов ашып, 100 деген нөмірі бар спорттық автокөлікпен 9 шақырымдық квалификациялық жүріс жасады.

Сондан соң, түркімен көшбасшысы раллиді ұйымдастырушы команданың жетекшісі Жан-Луи Шлессермен пікірлесті. Әңгіме барысында Президент «Амуль-Хазар 2018» жобасының экологиялық аспектісіне назар аударды. Ғ.Бердімұхамедовтың пікірінше аталған жарыс қоғам назарын экологиялық мәселелерге, соның ішінде жаһандық климаттың өзгеруіне аударуы тиіс.

Түркіменстан Президентінің қаулысына сәйкес Түркіменбашы мұнай өңдеу зауыты раллиге қатысушыларға 200 тонна ЭКО-5 (Евро-5) маркалы отандық дизель отынын берді. Раллиге қатысушылар жол бойы түркімен жерінің табиғи, мәдени, тарихи ерекшеліктерімен танысады. Әрі аталған отынды қолдану Қарақұмның эко-жүйесіне кері әсерін тигізбейді.